

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрлігі  
С.Сейфуллин атындағы Қазақ  
агротехникалық университеті

Министерство сельского хозяйства  
Республики Казахстан  
Казахский агротехнический  
университет им. С.Сейфуллина

**«АгроОнеркәсіп кешенің индустріалды-инновациялық дамуының  
экономикалық мәселелері: жағдайы мен болашағы» атты  
экономика ғылымдарының докторы, профессор, академик,  
Қазақстан Республикасы білім беру саласының Құрметті  
қызметкері**

*Абұов Қуаныш Қабиденұлының  
70 жылдық мерейтойына арналған  
Халықаралық ғылыми-тәжірибелік*

## **КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ**

**1 том**

**МАТЕРИАЛЫ КОНФЕРЕНЦИИ**  
Международной  
научно-практической  
конференции

**«Экономические проблемы  
индустриально-инновационного развития  
агропромышленного комплекса:  
состояние и перспективы»,  
посвященная 70-летию доктора экономических наук, профессора,  
академика,  
Почетного работника образования Республики Казахстан  
*Абұова Куаныша Кабиденовича***

**Том 1**

**15 қаңтар 2016 жыл  
Қазақстан Республикасы  
Астана қ.**

**15 января 2016 года  
Республика Казахстан  
г.Астана**

**Астана 2016**

УДК 631.1

ББК 65.32

Ж12

АгроОнеркәсіп кешенің индустріалды-инновациялық дамуының экономикалық мәселелері: жағдайы мен болашағы: Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары.

Экономические проблемы индустриально-инновационного развития агропромышленного комплекса: состояние и перспективы: материалы Международной научно-практической конференции.- Астана, 2016.- 297 б.

ISBN 9965-570-37-X

Жинаққа 2016 жылы 15 қантарда «АгроОнеркәсіп кешенің индустріалды-инновациялық дамуының экономикалық мәселелері: жағдайы мен болашағы» атты экономист ғылымдарының докторы, профессор, академик, Қазақстан Республикасы білім беру саласынын Құрметті қызметкері Абубекер Қуаныш Қабиденұлының 70 жылдық мерейтойына арналған Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары снігізді.

Материалдар авторлардың макаласының көшірмесі негізінде басып шығарылды.

В сборник вошли материалы Международной научно-практической конференции «Экономические проблемы индустриально-инновационного развития агропромышленного комплекса: состояние и перспективы», посвященная 70-летию доктора экономических наук, профессора, академика, Почетного работника образования Республики Казахстан Абубекера Куаныша Кабиденовича, проходившей 15 января 2016 года.

Материалы отпечатаны сканированием текста авторов, которые несут ответственность за содержание статьи.

УДК 631.1

ББК 65.32

ISBN 9965-570-37-X

В развитых странах ГЧП в образовании рассматривается как одна из форм налаживания сотрудничества между государством, учебными заведениями и предприятиями на дополнения таких, как их интеграция в рамках инновационных систем, формирование и эксплуатация национального интеллектуального капитала, двустороннего сотрудничества партнеров (государство – предприятие, предприятие – университеты, университет – государство), более эффективного выполнения сторонами своих миссий. Так, научно-исследовательское партнерство чаще всего происходит в рамках рамочных программ, а на национальном уровне все зависит от уровня развития страны.

Использованные источники:

1. Архипов А. Ю., Шевчук Е. В. Государственно-частное партнерство как институт модернизации сферы образовательных услуг: международный и отечественный опыт: монография / А. Ю. Архипов, Е. В. Шевчук. – М. : Вузовская книга, 2013. – 196 с.
2. Исследовательские университеты: мировой опыт и перспективы развития в Украине: монография / [А. Ф. Павленко, Л. Л. Антонюк, Н. В. Василькова, Д. О.] ; за заг. ред. д. е. н., проф. А. Ф. Павленка та д. е. н., проф. Л. Л. Антонюк. – К. : КНЕУ, 2014. – 550 [2] с.
3. Abrahams L., FitzGerald P. (2012, September) Would «Good» Values Yield Good «Value»? Positioning Higher Education in an Emerging Knowledge Economy. Journal of the Knowledge Economy, 10/09, 1–13.
4. Building on the Monterrey Consensus: The Growing Role of Public-Private Partnerships in Mobilizing Resources for Development. (2005, September) WEForum. UN High-level Plenary Meeting On Financing for Development, 108 p. [Электронный ресурс]. – Режим доступа : [http://www.weforum.org/pdf/un\\_final\\_report.pdf](http://www.weforum.org/pdf/un_final_report.pdf).
5. Commission interpretative communication on the application of Community law on Public Procurement and Concessions to institutionalised PPP (IPPP). (2008) Commission of the European Communities. Brussels, 05.02.2008.
6. Etzkowitz H., Leydesdorff L. (2000). The Dynamics of Innovation: From National Systems and «Mode 2» to a Triple Helix of University-Industry-Government Relations. Research Policy, 29(2), 109–123.
7. Latham M. (2009, March) Public-Private Partnerships in Education., IFC: CfBT Education Trust, 11 p. [Электронный ресурс]. – Режим доступа : <https://www.nuffic.nl/en/library/public-private-partnerships-in-education.pdf>.
8. Patrinos, Harry Anthony. (2009) The role and impact of public-private partnerships in education / Harry Anthony Patrinos, Felipe Barrera-Osorio, and Juliana Guáqueta. The International Bank for Reconstruction and Development / The World Bank. – 100 p. [Электронный ресурс]. – Режим доступа : [http://www.ungef.org/files/Role\\_Impact\\_PPP\\_Education.pdf](http://www.ungef.org/files/Role_Impact_PPP_Education.pdf).
9. Problems of Inequality in Science, Technology, and Innovation Policy / Cozzens S. E., Kallerud E., Ackers L., Gill B., Harper J., Pereira T. S., ZarbAdami N. – James Martin Institute Working Paper 5. Project Deliverable 2. April 2007, 35 p.

УДК 657

НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАРДЫҢ КІРІСІНІҢ ЖӘНЕ ШЫҒЫСЫНЫҢ ҚҰЖАТТЫҚ  
РӘСІМДЕЛУІ

Алимова Д.Ж. А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің  
оқытушысы Казақстан, Қостанай қаласы, [Alimovadina\\_81@mail.ru](mailto:Alimovadina_81@mail.ru)

Негізгі құралдардың есебі кәсіпорынның бухгалтериясында жүргізіледі. Олардың аналитикалық (талдамалық) есебі әрбір түгендеме объектісі бойынша бөлек жүргізіледі. Түгендеме объектісі деп өзінің құрамына кіретін, яғни өзіне тиісті

керекті жабдықтармен, саймандармен сатылып алынған, орнатуды керек етпейтін жабдықтарды, салынып біткен жеке құрылыштарды (үйлері мен ғимараттарды), өздерінің құрылымы (конструкциясы) бойыншажекеленген немесе бірімен-бірі құрылымы бойынша біріктірілген бір зат болып саналып, белгілі бір қызметті атқаратын бұйымдарды айтады.

Кәсіпорында негізгі құралдың есебін дұрыс жүргізу үшін және олардың тиісті түрде сақталуын қамтамасыз ету үшін әрбір негізгі құралдарға түгендеме нөмірі беріледі. Ол тұрақты түрде белгіленеді.

Негізгі құралдар тозуына, бұзылуына, басқа ұйымдар мен адамдарға берілуіне, сатылуына, т.б. жағдайларға байланысты есептен шығарылған оның нөмірі ұйымның жанадан кіріске алған негізгі құралдарына берілмейді. Түгендеме нөмірі негізгі құралға бекітілген жетонға немесе құралдардың өзіне бояумен жазылады. Түгендеме объектілерді (заттарды) реттік сериялық жүйесімен нөмірлеу ұсынылады. Мұндай жағдайда әрбір жіктеу тобына кіретін негізгі құралдарға бөлек сериялық реттік нөмірлер белгіленеді, ол сериялық реттік нөмірді негізгі құралдардың қандай жіктелу тобына жататындығын көрсететіндей етіп тағайындаған дұрыс. Негізгі құралдарға бастапқыда берілген түгендеме нөмірі оның түгендеме карточкасында және бір жерден екінші жерге орын ауысуы үшін толтырылатын алгаşқы құжаттарда көрсетілуі тиіс.

Кәсіпорындардың бухгалтериясында негізгі құралдардың әрбір объектісіне типтік ведомстволық түгендеу карточка ашылады. Егер жеке бірінсіз-бірі қызмет етеалмайтын бірнеше бұйымдар, саймандар, аспаптар, т.б. қосылып бір түгендеме объектіні құрайтын болса, онда оның түгендеу карточкасына сол объектінің құрамына кіретін барлық бұйымдардың тізімі жазылады. Егер ұйымның бір бөлімшесіне құралдың (инвентардың), аспаптың немесе басқа да негізгі құралдардың бір түрінің (аты, техникалық сипаттамасы, бағасы бірдей болатын) бінешеуі бір уақытта келіп кіріске алынса, онда олар түгендеу карточкаларында тобы бойынша есептеледі. Бірақ бұл жоғарыда айтылғандарға қарамастан ол негізгі құралдардың әрқайсысына бөлек түгендеме нөмірі беріледі. Негізгі құралдардың барлық түрлерін, сондай-ак ұйымға күнтізбелік бір ай ішінде пайдалануға берілген біртекtes өндірістік-шаруашылық қызметтінің бір түрін орындауга арналған жеке техникалық сипаттамасы мен бағасы бірдей негізгі құралдарды есептеуге түгендеу карточкасы қолданылады. Түгендеу карточкалар ұйымның бухгалтериясында тиісті топтары бойынша тіркеледі.

Түгендеу карточкалар мен кітапшалар талдамалық (аналитикалық) есептің негізгі түрі болып саналады. Оларда негізгі құралдардың аталуы, түгендеу нөмірі, баланста көрсетілген бастапқы құны, амортизациялық аударым мөлшері, зауыттық нөмірі, келіп кіріске алынуына және істен (есептен) шығарылуына байланысты толтырылған актылардың уақыты (айы, күні, жылы) т.б. шартты белгілері мен керекті мәліметтері жазылады. Толтырылған түгендеу карточкалар негізгі құралдарды есептейтін түгендеу карточка тізімдемесіне тіркеліп жазылып отырылады. Бұл тізімдеме бухгалтерияда бір дана етіп толтырылып, түгендеу карточкалардың түгел сақталуын бакылау үшін пайдаланылады. Ұйымдар негізгі құралдарды жіктелуі, яғни аралық шоттары тізімдемеге тіркейді.

Кәсіпорындарда түгендеу карточкалар және түгендеу кітапшалармен қатар ірі машиналар мен механизмдерге, жабдықтар мен көліктерге арнайы техникалық төлкүжат толтырылады. Бұндай төлкүжаттарда негізгі құралдардың техникалық сипаттамасы және істейтін жұмыстарының түрлері, тағы да басқа деректер жазылуы тиіс .

Негізгі құралдардың сақталуына бакылауды қамтамасыз ету үшін әр инвентарлық объектіге нөмір беріледі. Егер объекті шығатын болса, онда оның нөмірі жана келген обектіге берілмейді.

Негізгі құралдардың инвентарлық карточкасының есебі негізгі құралдардың аналитикалық есебінің негізгі регистрі болып табылады. Инвентарлық карточка әр инвентарлық үшін бухгалтериямен ашылады.

Ол негізгі құралдарды қабылдау-жіберу актының, техникалық паспорттардың және сатыл алудың баска да құжаттарының, ғимараттарды, негізгі қуралдар объектілерінің орынның ауыстырылуы және есептен шығару негізінде толтырылады.

Негізгі қуралдар негізінен өндірістік ғимараттарды және тұрғын үйлерді, құрылғыларды салудан; машиналар, жабдықтар, көлік құралдарын сатып алудан; өз күшімен құрал-саймандар дайындауда; малдардың төлдерін негізгі табынға ауыстырудан; жас өсімдіктер көп жылдық өсімдіктерге өткеннен; баска субъектілер мен жеке тұлғалардан ақысыз (тегін) алынған негізгі құралдардың келіп түсінен; объектілерді ұзак мерзімге жалға алудан (келісімді құнын толық төлегеннен кейін); жарғылық қорға қосқан үлес нәтижесінде келіп түскендерден қалыптасады. Негізгі құралдардың түсін мүнадай құжаттармен рәсімделеді.

Негізгі құралдарды қабылдау – тапсыру (орын ауыстыру) актысы. Негізгі құралдарды қабылдауды рәсімдеу кезінде субъект жетекшісінің өкімімен тағайындалған қабылдау комиссиясы әрбір жекелеген объектіге бір данадан акт жасайды. Негізгі құралдардың бірнеше объектісін қабылдау – тапсыру актысын жасауға тек шаруашылық мүлкінің, құрал – сайманның, жабдықтардың және т.б. объектілердің есебін жүргізген кезде, егер бұл объектілер бір типті болса, құндары бірдей болып, бір календарлық ай ішінде қабылданған болса ғана жол беріледі. Рәсімделгеннен кейін осы объектіге қатысты техникалық құжаттама қоса тіркеліп акт бухгалтерияға беріледі, бас бухгалтер кол койып, субъект жетекшісі немесе соған өкілетті адамдар бекітеді.

Алыс - беріс (орын ауыстыру) актысында, міндетті реквизиттермен қоса, комиссия қызмет ету мерзімін және болжамдық жою құнын көрсетеді. Қызмет ету мерзімін шаруашылық жүргізуін субъекті дербес анықтай алады, яғни ол негізгі құралдың техникалық жағдайынан, нормасынан және баска да көрсеткіштерінен шығады. Негізгі құралдардың кәсіпорын ішіндегі орын ауыстыруын рәсімдеу үшін актыны екі дана етіп тапсыруши бөлім қызметкері толтырады. Алушының және тапсыруышының қолдары койылған бірінші данасы бухгалтерияға тапсырылады, ал екіншісі тапсыруши цехта қалады.

Негізгі құралдарды ақысыз беру (сыйлау) кезінде акт (тапсыруши және қабылдаушы субъектілер үшін) екі дана етіп жасалынады.

Негізгі құралдарды баска субъектіге сату кезінде актының үш данасы жазылады: алғашқы екеуі өткізуін субъектіде қалады (онда бірінші дана негізгі құралдардың нақты бары, козғалысы туралы есеп беруге, екіншісі — есеп-айырысу төлем құжаттарына тіркеледі), үшінші дана негізгі құралдарды қабылдаушы адамға беріледі.

Муліктік карточка бухгалтерияға келіп түскен негізгі құралдың актылары, техникалық төлқұжаттары және басқа құжаттар негізінде толтырылады. Карточкада объектілердің және олардың жекелеген құрылымдық элементтерінің қысқаша техникалық сипаттамасы беріледі, бірақ сол техникалық құжаттамадағы мәліметтері қабылданбайды. Негізгі құралды баска субъектіге тапсыру (беру) кезінде негізгі құралдардың шығуы туралы белгі соғуға, сондай-ақ негізгі құрал объектілерінің субъект ішінде орын ауыстыруы кезінде «Негізгі құралдарды қабылдау – тапсыру (орын ауыстыру) актысы», ескіру және тозу салдарынан негізгі құралдың объектілерін есептен шығаруға «Негізгі құралдар объектілерін есептен шығару актысы» негіз бола алады. Құрылышы салынып біткен, жабдықтаулары орнатылған, жөндеу жұмыстары біткен объектілер туралы жазбаларды карточкаға жазу үшін «Жөнделген, қайта құрылған және жаңалаған объектілерді қабылдау – тапсыру актылары» негізінде жазылады.

Егер де объектінің сандық та және сапалық та көрсеткіштері айтарлықтай өзгерсе, онда оларға жаңа карточка ашылуы мүмкін, ал ескі мүліктік карточка анықтама құжаты ретінде сақталады.

Бухгалтериядағы толтырылған мүліктік карточкалардың негізінде негізгі құралдардың есебі бойынша жасалатын мүліктік карточкасын Тізімдемеге тіркейді, ол (тізімдеме) негізгі құралдардың жіктемесі бойынша бір данада жасалады.

Негізгі құрал – жабдықтарды есептен шығару: табиғи және моральдық тозуына байланысты жою қажет болғанда; құрылым жүргізгенде; табиғи қыншылықтар мен апарттардың нәтижесінде, пайдаланудың қалыпты жағдайлары өзгергенде; баланстан тегін бергенде; сылағанда; шаруашылық аралық және басқа кәсіпорындарға, коғамдық ұйымдарға бергенде немесе сатқанда, өткізгенде және айырбастағанда жүзеге асады.

Тұракты жұмыс істейтін комиссиялар есептен шығарылатын қажетті объектілермен тікелей танысып, оларды қайта калыпқа келтіру немесе одан әрі пайдалануға жарамсыздығын; есептен шығару себептерін, қажетті жағдайда объектілердің уақытынан бұрын есептен шығаруға кінәлі тұлғаларын; кейбір тораптардың, тетіктер мен материалдардың пайдаланылу мүмкіндіктерін және олардың бағасын анықтайды; негізгі құрал – жабдықтардың есептен шығару актыларын жасайды. Комиссия актыларды дайындағанда төл құжаттарын, этаптық жоспарларын, ақау белгілерінің тізімін, машиналардың апатқа ұшырауы жөніндегі актыларын және тағы басқа қолда бар құжаттарды пайдаланады.

Негізгі құрал – жабдықтарды толық және ішінара есептен шығару пайдаланылатын Негізгі құрал – жабдықтарды жою туралы Акт арқылы жүзеге асады. Актыны субъектінің басшысы тағайындаған комиссия немесе соған уәкілетті адам екі дана етіп дайындаиды. Актының I-ші данасы бухгалтерияға беріледі де, екіншісі негізгі құрал – жабдықтардың сақталуына жауапты тұлғада болады және ол есептен шығарғанан кейін қалған қосалқы бөлшектерді, материалдарды, метал сынақтарын және тағы басқаларын қоймаға өткізуге негіз болып табылады.

Объектіні есептен шығарған кезде, оған қысқаша сипаттама беріледі, және оның есептен шығу себептері, негізгі қосалқы бөлшектерінің жағдайы көрсетіледі және олардың жөндеуге жарамдылығы да айтылады. Егер де объект табиғат апартарының, аварияның және тағы баска да күтпеген жағдайдың салдарынан есептен шығарылатын болса, онда актыға қоса тиісті құжаттары да бірге тіркеледі. Актыны кәсіпорын басшысы бекітеді. Тек бекігеннен кейін объектіні жоюға кіріседі. Жоюдан алынған қосалқы бөлшектері пайдалануы мүмкін болатын бағасы бойынша құндылықтар тиісті шоттар бойынша кірістіріледі.

Түгендеу карточкасының оң жағында объектінің атауы және түгендеу нөмірі көрсетіледі, шығару мерзімі, қабылдау туралы актының нөмірі және мерзімі, толық құны, пайдалы жұмыс істеу мерзімі, амортизацияны есептеу әдістері, амортизацияны есептеуден босатылуы, объектінің ауысуы және шығуы туралы мәліметтер болады.

Карточканың теріс жағында объектінің жеке сипаттамасы жасалады. Ары қарай карточканың теріс жағында объектін жөндеу, реконструкциялау, модернизациялаумен бірге жасалған шығындардың сомасы жазылады.

#### Колданылған әдебиеттер:

1. Мырзалиев Б.С. «Кәсіпкерлік қызметте бухгалтерлік есепті ұйымдастыру» - оқу құралы. – Алматы: Зан әдебиеті, 2008ж.
2. Қабылова Н.К. «Бухгалтерлік есеп» - Астана: Фолиант, 2008 ж.
3. Кәулімжаев Қ.К, Құдайбергенов Н.А. «Бухгалтерлік есеп теориясы және негіздері» Алматы: Экономика. 2006ж.
4. Әбдішукіров Р.С. «Бухгалтерлік есеп» оқу құралы. –Алматы: Нұр-пресс, 2008ж.

5. Назарова Н.А. «Шаруашылық жүргізуші субъектілердегі бухгалтерлік есеп» Алматы: Экономика. 2005ж.
6. Толпаков Ж.С. «Бухгалтерлік есеп» I бөлім Қарағанды. «Қарағанды полиграфиясы» АҚ 2009ж.

УДК 338.43:339.9(574)

## ПРОБЛЕМЫ АПК КАЗАХСТАНА И МЕЖДУНАРОДНЫЙ ОПЫТ

Шмидт В.А.старший преподаватель КГУ им. А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан,  
[935david935@mail.ru](mailto:935david935@mail.ru)

Тулегенов Т.Б.студент 4 курса специальности экономика,КГУ им. А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан,[talgat\\_kosta@mail.ru](mailto:talgat_kosta@mail.ru)

Кенжибаева Д.А.,студентка 4 курса специальности экономика,КГУ им. А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан, [diana\\_kenzhibaeva@mail.ru](mailto:diana_kenzhibaeva@mail.ru)

Агропромышленный комплекс Казахстана — единственный отраслевой портал в Казахстане, который обеспечивает население важнейшими продуктами питания, объединяет интересы производителей, поставщиков и потребителей сельскохозяйственной продукции. Страна за годы независимости прошла сложный путь реформирования всех сфер АПК. Сегодня сельское хозяйство преодолело пик спада производства, который был на этапе перевода экономики на рыночные механизмы управления, и начиная с 1999 г. отрасли сельскохозяйственного производства и связанные с ним сферы переработки продукции развиваются во всех регионах достаточными темпами. Этому в немалой степени способствовала адаптация товаропроизводителей к новым экономическим условиям, развитие других отраслей народного хозяйства, повышение доходов населения, несколько увеличивших спрос на продукты сельского хозяйства и его переработки, проводимая государством аграрная политика, развитие экспорта [3].

В условиях глобального продовольственного и финансового кризиса повышается актуальность проблемы обеспечения продовольственной безопасности Казахстана, которая, являясь важным составным элементом системы национальной безопасности, характеризует экономическую устойчивость и политическую независимость государства, его способность обеспечивать элементарные первичные потребности своих граждан без ущерба национально-государственным интересам. К национальным интересам государства в агропродовольственной сфере можно отнести:

- обеспечение необходимого объема собственного производства продуктов питания;
- поддержание на нормативном уровне государственного продовольственного резерва;
- обеспечение соответствия качества производимых и реализуемых продуктов питания стандартам качества и безопасности пищевых продуктов;
- обеспечение создания эффективной системы управления аграрным сектором экономики;
- расширение производства конкурентоспособной продовольственной продукции с ориентацией на экспорт;
- развитие материально-технической базы сельского хозяйства и перерабатывающей промышленности;

партнерства в системе образования	
Алимова Д. Ж.- Негізгі құралдардың кірісінің және шығысынын құжаттық рәсімделуі	275
Шмидт В. А., Тулегенов Т. Б., Кенжибаева Да.А.- Проблемы АПК Казахстана и международный опыт	279
Нуржанова М. Б.- Обзор инвестиционного климата Казахстана	282
Мейманкулова Ж. Ж., Жолмурзақзы А.- Процесс управления маркетингом на предприятиях	286
Баймағанбетова М.Т.- Инновациялық кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеудің шетел тәжірибелерімен алмасудың маңызы	289